

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 12 қарашадағы N 688 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 38, 418-құжат; 2007 ж., N 24, 267-құжат; N 42, 476-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия туралы е р е ж е д е :

1-тармақтың екінші абзацындағы "дербес құрамын" деген сөздер "құрамын" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қазақстан Республикасы

Н. Назарбаев

Президентінің
2008 жылғы 12 қарашадағы
N 688 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 9 қазандағы
N 194 Жарлығына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президентінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының
лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық
көрме-конкурсының дипломанты атағын беру
жөніндегі комиссияның құрамы**

Қазақстан Республикасы	- төраға
Президенті Әкімшілігінің Басшысы	
Қазақстан Республикасының	- төрағаның орынбасары
Индустрия және сауда министрі	
Қазақстан Республикасы	- хатшы
Индустрия және сауда министрлігі	
Техникалық реттеу және метрология	
комитетінің төрағасы	

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі
Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі
Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы
"Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар
бірлестігі басқармасының төрағасы (келісім бойынша)
"Қазақстан астық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
"Қазақстанның құрылыс салушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің
президенті (келісім бойынша)
"Қазақстан машина жасау одағы" заңды тұлғалар бірлестігі басқармасының төрағасы (
келісім бойынша)
"Қазақстан Республикасының тауар өндірушілер және экспорттаушылар одағы"
республикалық заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
"Қазақстан тағам және қайта өңдеу өнеркәсібінің тауар өндірушілер одағы" заңды
тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
"Қазақстан сүт одағы" қоғамдық бірлестігі басқармасының тең төрағасы (келісім
бойынша)

"Сапа көшбасшылары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК